

Ұшулардың қауіпсіздігін арттыру туралы

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының өкімі 1994 жылғы 5 желтоқсан N 32-6

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, авиакомпаниялары ішкі және халықаралық рейстерді орындау кезінде ұшулардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін авиациялық апаттар мен басқа да оқиғалардың алдын алу жөнінде белгілі бір жұмыс жүргізіп келеді.

Дегенмен ұшулардың қажетті қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайы, әсіресе, авиакомпаниялардың халықаралық туристік авиарейстерді /шоп-турлар/ орындауы кезінде күрделі күйінде қалып отыр. Жекелеген жағдайларда әуе кемелеріне шамадан тыс жүк тиелуіне жол беріледі. Жүк пен багажды орналастыру тәртібі бұзылады. Самолеттерге май толық құйылмауы себебінен аралық қонулар жасалады. Жағдай әуе кемелерінің, жер бетіндегі инженерлік құрылыстар мен жабдықтардың техникалық және моральдың тозуынан ауырлап отыр. Осылай бола тұра бұл мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе көлігі департаменті Бас инспекциясы тарапынан тиісті талаптар қойылмай отыр.

2. Ұшулардың қауіпсіздігін арттыру, әуе кемелері мен аэродромдардың техникалық жай-күйі мен пайдаланылуына бақылауды күшейту мақсатында:

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы, Қазақстан Республикасының басқа да авиакомпаниялары бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің келісуімен орындалатын ұшулардың тиісті қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін бекітсін;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі отын құйып алу нормативтерінің сақталуына, жүктерді орналастырудың дұрыстығына, оның іс жүзіндегі салмағы мен тасымалдау құжаттамасының сәйкес болуына бақылау жасау үшін республиканың авиакомпанияларында сапарға шығушы, келген туристік және жүк тасуға жалданған самолеттерге тұрақты түрде ішінара тексеру жүргізсін. Тәртіп бұзушылықтар анықталғанда кінәлі авиакомпанияларға белгіленген тәртіппен пайдаланушы куәліктерінен айырғанға дейін ең қатал ықпал ету шараларын қолдансын.

Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары халықаралық ұшуларға арналған шарттарды жасау кезінде, тиісті құжаттарды толтыру кезінде жүктің дұрыс тиелуі мен белгіленген талаптардың сақталуы үшін міндетті түрде тапсырыс берушінің жауапкершілігін белгілейтін болсын. Шарттарды орындамаған жағдайда шартты бұзу және айыппұл шараларын қолдануға дейін оны қайта қарайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:
Әуе көлігі департаменті Бас инспекциясын нығайту және оның рөлін көтеру
жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан
Республикасы авиакомпанияларының ұшу қауіпсіздігінің қажетті шарттарын
қамтамасыз етуге көңіл бөлуді күшейтсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК